

ӘОЖ 338.48

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БЕЛСЕНДІ ТУРИЗМДІ ДАМУ
ЖОЛДАРЫ**

Жұмаділлова Жәсел Дулатқызы

Zhanelzh11@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» мамандығының 1 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Омарова Айғаным Сапаровна

Туризм – адамның бос уақытындағы саяхаты, белсенді демалысының бір түрі. Өз бастауын ХІХ ғасырдың басында алған туризм бүгінгі күнде – ірі капиталды, негізгі қаражаттарды, еңбек ресурстарының ауқымды бөлігін іске қосқан, ірі экспорттық салалар ішінде автомобиль және мұнай өндіру өнеркәсібінен кейінгі үшінші орындағы ірі әлемдік экономикалық кешен болып табылады.

Ең бірінші 1949 «Бүкіл Одақтық Біртұтас спорттық жіктелуіне» КСРО шешімі бойынша спорттық туризм түрі бекітілді. Туризм бойынша шебері атақтары мен спорттық разрядтар жүріп өткен маршруттардың күрделілігіне, санына, оларды жеке ұйымдастырып, жүзеге асыра білу тәжірибиесі анықталады. Яғни бір күрделі маршрутты таңдап оны өтіп бір разрядқа немесе категорияларға ие бола аламыз. Осыдан бастап әртүрлі белсенді туристік спорттық маршруттар ұйымдастырылып, ашылып әртүрлі категорияларға оларды жіктеді. Алғашқы спорттық туризмнің 4 түрі болды: жаяу, су, шаңғы, велосипед.

Қазіргі таңда белсенді демалыс туризмі әлемдегі ең танымал туризм түрлерінің біріне айналуда. Белсенді туризмге әртүрлі жастағы және кәсіптегі, әртүрлі отбасылық және

қоғамдық жағдайдағы, мәдениет пен дене дамуының деңгейімен айтарлықтай ерекшеленетін адамдар бет бұруда. Жыл санап белсенді туризмді қолдаушылар саны артып келуде. ЮНВТО сарапшыларының пікірінше, алдағы 15-20 жылдарда спорттық туризм танымал туризм түрі болады [1]. Сондықтан, Қазақстан Республикасында белсенді туризмді жылдам қарқынмен даму қажет. Себебі, Қазақстанда туризмнің бұл түрін дамыту үшін үлкен мүмкіншіліктер жетерлік. Біріншіден, географиялық орналасуы бойынша Қазақстан ТМД-ның бірегей аймағы болып табылады. Екіншіден, аумағының өлшемі арқасында Қазақстан табиғат пен ландшафттардың керемет алуан түрлілігімен: жоғары таулар мен шексіз далаларды, толқынды көлдерді және жансыз шөлді, жасыл ормандарды және су тасқынындағы шабындықтарды алып жатыр.

Ал Белсенді туризмді дамыту үшін ең алдымен жорық түрлерін көбейту қажет. Жорықтардың спорттық, рекреациялық (сауықтыру және демалыс), дәрістік, ғылыми (экологиялық, гляциологиялық, гидрологиялық, минералдық, медициналық, психологиялық), іздестіру-құтқару жұмыстары сынды түрлерін Қазақстанда дамытуға толық мүмкіндігіміз бар.

Менің құрастырған жорығым спорттық жорық болып табылады және еліміздің оңтүстік бөлігін қамтиды яғни «Көлсай ауылы – Үлкен Алматы Көлі» бағытында жүзеге асады.

Жорық характеристикасына тоқталатын болсақ:

IV-категориялы жорық

(Биік таулы мұздықтар арқылы су жабдықтарымен өтуге қабілетті жақсы тау дайындығы бар топ пайдалана алады.)

Жорық ұзақтығы: 3-4 күн

Топтық құрам: 13 адам

Туристтік құрал-жабдықтар:

Жеке құралдар: жұмсақ, жолдорба, қолғаптар, түсу элементтері, түнемел қаптар, полиэтилендік жамылғы, жеке гигиена заттары

Топтық құралдар: Шатырлар, альпенистік кошкалар, айсбайль, Тамақ пісіруге арналған заттар, Сірiңке, шам, термометр, Аптечка, Карабин – 30 дана, Репшнур, арқан 3x40, Компас – 3 дана, қозғалыс құралдарынан көлік құралын, велосипед қолданамыз.

Тамақтану:

Тамақтану режимі

Таңғы ас 7.00-7.40

Түскі ас 12.00-13.00


Жеңіл жүрек жалғау 16.00-16.30

Кешкі ас 19.00-20.00


Кесте 1. Жорық кезінде пайдаланылатын тағам мөлшері:

Макарон өнімдері	2 кг
Кептірілген жемістер	1 кг
Нан өнімдері	2400гр
Ет консервілері	500гр
Дәнді дақылдар	1 кг
Май	3литр
Тұз	200гр
Шай	800гр
Көкөністер	4кг

Тур маршрут: 1- пункт Көлсай



Сурет 1. Көлсай-Алматы облысы Талғар ауданындағы ауыл Жорық осы жерден бастау алады және Бутаков шатқалына дейінгі аралықта көлік құралы қолданылады.




Сурет 2. Көлсай мен Бутаковка шатқалы арасындағы қашықтық (16 км)

2-пункт Бутаковка шатқалы



Сурет 3. Бутаковка шатқалы


Қазақстандағы көркем тау шатқалы Алматы қаласының аумағында Іле Алатауы тауларында орналасқан. Теңіз деңгейінен 1700-2900 м биіктікте орналасқан. Шатқалдың түбінде Кіші Алматы өзенінің оң ағыны болып табылатын Бутаковка өзені ағады. Шатқалдың жалпы ұзындығы 14 км, асфальтталған жол — Достық даңғылынан 9 км. Шатқалда тьянь-Шань шырша, Көктерек, шетен, Барбарис, сондай-ақ алма бақтары өседі [4].



Сурет 4. Бутовка шатқалынан Бутовка сарқырамасына дейінгі аралық (1.5 км)

3-пункт Бутовка сарқырамасы

Бутовка шатқалында төменгі және жоғарғы екі сарқырама бар. Екі сарқырама да Алматыдан қол жетімді. Бутовка шатқалындағы екінші шлагбаумнан оларға бару өте ыңғайлы. Ол үшін Бутовкаға бұрылыстан 9 км өтіп, көлікті тұрағына қалдыру керек. Велосипедпен, Бутовка шатқалында сапар вело серуендеу деп атауға болады. Теңіз деңгейінен биіктігі – 1787 метр [4].



Сурет 5. Бутовка сарқырамасы



Сурет 6. Бутовка сарқырамасынан Талғар шыңына дейінгі аралық (25 км)

4-пункт Талғар шыңы

Талғар шыңы Іле Алатауының жотасында, Қазақстанда, Алматы қорығының аумағында Тянь-Шань тауларында орналасқан. Оның биіктігі 4973-4979 метр. Бұл Іле Алатауының ең биік нүктесі. Үш басты шыңы Талғар қаласында және Алматы қаласының кейбір жерлерінен жақсы көрінеді [5].



Сурет 7. Талғар шыны



Сурет 8. Талғар шынынан Үлкен Алматы көліне дейінгі аралық(40 км)
5-пункт Үлкен Алматы көлі



Сурет 9. Үлкен Алматы көлі

Іле Алатауында теңіз деңгейінен 2511 м биіктікте, Алматы орталығынан оңтүстікке қарай 15 км жерде орналасқан биік таулы су қоймасы. Соңғы аялдама [5].

Белсенді туризм рекреацияның кең спектрін қамтиды, себебі әрбір адам өзінің қалаған нәрсесін табады. Кейбір адамдар таулар, кейбіреулер өзендер мен жағажайда демалуды ұнатады, ал басқалары өз күштерін сынағанды ұнатады. Бұл туризм түрінде неғұрлым белсенді физикалық жүктеме болса, соншалықты адамға шаршауды жеңілдетуге көмектеседі. Адамдар су астындағы әлемнің сұлулығын көруге, таулы аймақтарды бағындыруға және тіпті парашюттен секіруге қызығушылық танытуда. Бұл бүкіл әлемде, әсіресе Қазақстанда белсенді туризмнің дамуына серпін береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстандағы туризмнің даму кезеңдері, 2017 – 2019, studwood.ru https://studwood.ru/1190453/turizm/aktivnye_vidy_turizma
2. Карта https://yandex.kz/maps/162/almaty/?ll=77.003290%2C43.107407&mode=routes&rttext=43.119488%2C77.099890~43.051587%2C76.984695&rtt=auto&source=serp_navig&z=12
3. https://photoramium.com/media/1601038945030727997_3318108198

4. Іле алатауындағы биіктік белдеулікті сипаттау, 2015-2019 год,сілтеме <https://mylektsii.ru/11-27534.html>

5. Кіші Алматы шатқалының шатқалдары / Бутаков шатқалы, 2014 — 2019,сілтеме almatyregion-tour.kz/kk/location/butakovskoe-gorge.html